

Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы

№2.

№19 Қ.Сәтпаев атындағы Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы

2020-2021 оқу жылы.

Күні: 15.03.2020ж

Қатысуға тиісті: 9 адам Қамқоршылық кеңесі мүшелері.

Қатысқандар: Рахметова Э.- Қамқоршылық Кеңесі төрайымы,

Мүшелері: Хайруллина Галия, Жұмағалиева Жанар, Амирова Арай, Идрисова Райгүл, Зекенова Бақытжамал, Абсатырова Зухра, Есекенова Ақгүл, Мұханалиева Аяжан.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- 1) Әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларды Мектеп құралдарымен және Спорттық киім және аяқ киіммен қамту туралы,
- 2) Тәртібі қиындау, сабақ үлгерімі нашарлап жүрген оқушылармен жұмыс,
- 3) Жазғы демалысты ұйымдастыру туралы ақылдасу

Әлеуметтік жағдайы төмен және атаулы көмек алатын отбасыдан шыққан 42 оқушыны ақпан айында

«Абди Екон»-нан жалпы құны – 264999,73 теңге болатын оқу құралдарымен қамтамасыз ету және туралы наурыз айында ИП «Алибек»-нан жалпы құны – 424 000 теңге болатын Спорттық киім және спорттық аяқ киіммен қамтамасыз ету туралы

Тыңдалды:

- 1) Әлеуметтік педагог Даумова Гүлдана сөз алып әлеуметтік жағдайы төмен және атаулы көмек алатын отбасылардан шыққан оқушыларды атап және ата-аналарының жазған арыздары мен жиналған құжаттарын ұсынды. Және де оқушыларға таратылып, алынған қолхаттарын да ұсынды.

Ата-аналарының арыз жазып, құжаттарын оқу жылының басында тапсырғандығын және ол құжаттардың дұрыс екендігін айтты. Сынып жетекшілері Баймурзиева Лиза, Қиярова Гүлнар, Айтжанова Ақбөбек, Жұмағалиева Анар сөз алып аталған балалардың көп балалы, толық емес, аз қамтылған отбасыдан шыққан балалар екендігін оларға көмек керек екендігін айтты. Әлеуметтік комиссия оқушыларға оқу құралдары және спорттық киім мен аяқ киім таратылғандығын айтты, және ата-аналардың разылықтарын естіді.